ӘОЖ 338.436.33

АГРОӨНДІРІСТІК КЕШЕНДЕРДЕ ЛОГИСТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ДАМУЫ

РАЗВИТИЕ ЛОГИСТИЧЕСКИХ УСЛУГ НА ПРЕДПРИЯТИЯХ АПК

DEVELOPMENT OF LOGISTIC SERVICES AT AGRICULTURAL ENTERPRISES

Ж.У. ТУЛЕГЕНОВА
экономика ғылымдарының кандидаты
К.К. ЖЕКЕЕВА
PhD докторанты
Г.Н. АКТАЙЛАКОВА
PhD докторанты

Аңдатпа. Аграрлық сектордағы логистикалық үрдістердің ерекшеліктері қарастырылған. Авторлардың пікірінше, ауыл шаруашылығының логистикалық жүйесі өте күрделі. «Логистикалық қызметтер» түсінігін кеңінен тарқататын басты бағыттары анықталған. Агроөнеркәсіптік кешен логистикасын кооперациялау маңыздылығы айтылған. Инфрақұрылымдарды (қоймалар, қамбалар, элеваторлар, транспорт) логистикамен қамтамасыз ету мәселелері анықталған. Оның Солтүстік Қазақстанның АӨК мекемелерінің астықты өндіру, сақтау, қайта өңдеу және өткізудегі құраушыларының жағдайы талданған. Қызмет көрсету кезіндегі логистикалық шығындар мен ұсталымдар көрсетілген. Ауыл шаруа-шылығы және астық қабылдау кәсіпорындарында астық сақтауды дамыту және қойма-ларда орналастыру, олардың тиімді салааралық пропорциясының негізі ұсынылған. Астық нарығындағы технологиялық тізбектің қатысушылары арасында түскен пайданы бөлісудің қатынасын көптеген нормативтік материалдарды және ауылшаруашылық, өңдеу және сауда ұйымдарының қызметтеріне сараптама жасай келе ұсынады. Ауылшаруашылық кооперация қағидалары және әдістері негізінде ішкі және сыртқы логистикалық тізбектің құрылуына септесетін ақпараттық-консультациялық желіні қалыптастыру қажеттігі дәлелденген.

Аннотация. Рассмотрена специфика логистических процессов, происходящих в аграрном секторе. По мнению авторов, сельское хозяйство представляет сложную логистическую систему. Выделены основные направления, расширяющие понятие «логистических услуг». Отмечена важность кооперации в развитии логистики агропромышленного комплекса. Выявлены проблемы в логистическом обеспечении инфраструктуры (склады, зерно-хранилища, элеваторы, транспорт). Проанализировано состояние его составляющих в производстве, хранении, переработке и сбыте зерна предприятий АПК Северного Казахстана. Показаны логистические затраты и издержки в процессе предоставления услуг. Определены основные направления развития и размещения емкостей зернохранилищ в сельскохозяйственных и хлебоприемных предприятиях, обоснованы их оптимальные межотраслевые пропорции. На основе анализа сельскохозяйственных, перерабатывающих и торговых предприятий, а также нормативных материалов авторами рекомендовано рациональное соотношение в распределениии прибыли между участниками технологической цепочки на зерновом рынке. Доказана необходимость формирования сети информационно-консультационных служб, способствующих выстраиванию внутренних и внешних логистических цепочек на основе принципов и методов сельскохозяйственной кооперации.

Abstract. Specific features of logistical processes, taking place in agricultural sector have been considered. According to the authors, agriculture represents a complex logistical system. The main directions that extend the concept "logistics services" have been identified. The importance of cooperation in the field of development of logistics of agro-industrial complex has been noted. Problems in logistical support of the infrastructure (warehouses, granaries, elevators, transport)

have been revealed. The state of its components in production, storage, processing and marketing of grain by the enterprises of AIC of Northern Kazakhstan has been analyzed. Logistical costs and costs of service provision have been presented. The main directions of development and location of grain storage tanks in agricultural and grain-receiving enterprises have been determined, their optimal inter-industry proportions have been justified. Based on the analysis of agricultural, processing and trade enterprises, as well as regulatory materials, the authors have recommended a rational ratio in distribution of profit between participants in the technological chain on grain market. The necessity of forming a network of information and consulting services which enhance the formation of internal and external logistics chains based on the principles and methods of agricultural cooperation has been proved.

Түйінді сөздер: агроөнеркәсіптік нарық, инфрақұрылым, логистикалық қызметтер, инновациялар, ауылшаруашылық кооперативтер, баға, экспорт, сұраныс, маркетинг, рентабельділік, сапа, сақтау, түсім, бәсеке.

Ключевые слова: агропродольственный рынок, инфраструктура, логистические услуги, инновации, сельскохозяйственные кооперативы, оценка, экспорт, спрос, маркетинг, рентабельность, цена, качество, хранение, прибыль, конкуренция.

Key words: agroindustrial market, infrastructure, logistical services, innovations, agricultural cooperatives, evaluation, export, demand, marketing, profitability, price, quality, storage, profit, competition.

Экономиканың аграрлық секторы даму деңгейі мен ресурстарды пайдалануы, шығаратын өнімнің түрлерінің көптігімен және өндірістік қуат көздерінің орналасуы мен салааралық байланыстың болуының нәтижесінде елдің ұлттың экономикасының құрылымдарының ішіндегі ең танымал да маңызды бөлігі болып келеді. Ауыл шаруашылығында өнім өндіру территориялық орналасуға қарай өндіріс мақсатына көп көлемде шикізат тасымалын қажет етсе (тұқым, тыңайтқыштар, жанармай, жем), сонымен бірге шығарылған өнімді де сақтау орнына немесе өткізуге дейін жоғары тасымалдылықты қажет етеді [1].

Экономикалық қатынастар материалдық ағымдардың қалыптасу жағдайында пайда болады. Олардың көп жағдайда өрістеуі тұрақсыз, бейберекет кейде бәсекелестік қарсы тұрулармен немесе халықтың уақыт пен кеңістіктегі сұраныстарына сай келмеуімен ерекшеленіп, бұл саладағы өнім өндіруді және тұтынушыға жеткізуді, жетілдіруді қажет етеді [2].

Осының бәрі ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді,өнім өндіруді және оны тұтынушыға дейін жеткізужолындағы үрдістерде ресурстарды пайдалануда жаңашылдық пен оңтайландыруды қажет ететін технологиялық іс-шараларды атқару үшін тиімді басқарудың логистикалық механизмін жасауға мәжбүрледі.

Бүгінгі күні менеджерлер басқарудың логистикалық үрдісінің төрт түрлі бағытын пайдаланады. Оның ішіне: барынша аз шығын жұмсау, тұтынушыға қызмет көрсету дәрежесін барынша өсіру, бәсекелестікте алда болу стратегиясы және қысқа мерзімде пайда көру стратегиясы [3]. Кәсіпорынның барлық мақсат-мүдделері бір-бірімен өзара байланыста болуы керек. Сондықтан да ұйымдарға жан-жақты ойластырылған кешен-ді логистика ұстанымдарына негізделген енгізілген шаралар қажет [4].

«Ұлттық экономиканың» бір элементі ретінде танылған АӨК, сонымен қатар, әртүрлі кіші жүйелерден тұратын күрделі де ашық ұйымдастырушылық-сараптамалық жүйе. Оның ішінде маңызды жүйенің бірі – астық тағамдары кешені. Астық нарығы астық өнімдері кешенінің қалыпты қызмет істерінің басты шарты болып табылады [5].

Ауыл шаруашылығы өнімін өндіру және өткізу, сақтау және алғашқы өндірістік қайта даярлаудан өткізуді біріктіру – логистикалық қызметтің негізгі жұмысы болып табылады. Республикалық деңгейде астық кешенін дайындау жүйесіне элеваторлар, дән қабылдайтын және жем даярлайтын кәсіпорындар, сүт қабылдау пункттері, мал сою цехтары т.б.кіреді. Сондықтан да нарықтық экономика жағдайында логистикалық қызмет көрсетуге байланысты әлі де зерттелмеген, белгілі бір аймақтатұратын тұтынушыға дейін жеткізілетін өнімнің технологиялық дайындалу жолын және соған қатысты жақтардың талаптілектерін ескеру сияқты дамудың стратегиялық белгілерін негіздеу керек.

Осы логистикалық үрдісті негізгі өнім өндіруші Солтүстік Қазақстанның егін шаруашылығының мысалында қарастыруға болады.

Бұл егін шаруашылығы Республиканың АӨК-дегі аса ірі шаруашылық болып есептеледі. Соңғы бес жылда жан басына шаққанда өнім өндіру орта есеппен алғанда 3620,7 кг,тағамға арнап қайта өңдеу 275 кг болды. Бұл жерде қайта өңделген өнімнің Республика көлемінде түгелдей тұтынылмай, оның

белгілі бір бөлігінің ұн, макорон тағамдары түрінде экспортталатынын да ескеру қажет.

ҚР ҰЭМ-нің статистикалық комитетінің мәліметі бойынша 2016 ж жиналған астықтың жалпы мөлшері 20,6 млн кг, орташа шығындылығы 13,5 кг болды. Жалпы алғанда бұл өнім ел ішіндегі жаңа астық өніміне дейінгі сұранысын қанағаттандырады және 8,59 млн. тнг. дейін экспорттауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар астықтың сапасы арт-ты, сақтауға қабылданған бидайдың 90 пайы-зы 1,2,3 класқа сай келеді.

Астық сақтау нарығында Қазақстанда 2016 ж 1 маусымына 204 лицензияланған астық қабылдау кәсіпорындары болған. Олардың 190 линиялық, 14 терең өңдеу. Астық өңдеу кәсіпорындарының жалпы сыйымдылығы 13796,2 мың т, оның ішінде элеватор қуаты 8726,2 мың т, ал қоймалық қуат-5070 мың т.

Қазіргі таңда Республикада Солтүстік Қазақстан астық кешенінде, біріктірілген холдинг типтес құрылымдар жұмыс жасайды. Солтүстіктің үш облысының бүгінгі күні егістік көлемінің 36,6 пайызды құрайтын жалпы көлемі 4,1 млн га жер 293 ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына сатылған немесе инвестор фирмаларға берілген. Экспорттағы олардың негізгі салмағы 50-55 пайыз.

Көптеген астық компаниялары астық қабылдау кәсіпорындары мен элеваторларды, диірмендер мен басқа қайта өңдеу кәсіпорындарын сатып алып,аса ірі агроөндірістік компанияларға айналған. Арзан да ұзақ мерзімді қаражатқа қол жеткізу, логистикалық және өткізу қызметінің дамығаны, ұзақ мерзімді жұмыс істейтін филиалдары мен өкілдерінің өндіріс орындарында және тұтынушыға жақын болуы – осындай ірі компанияларға тән нәрсе.

Соңғы кезде мұндай компанияларың жұмысын әртараптандыру белең алып келеді. Яғни, өнім өндірушілер өз бетімен ішкі және сыртқы нарыққа шығып, өнімдерін өткізеді, ал «трейдер» компаниялар өз кезегінде астық өндірісіне инвестиция құя бастайды.

Алдымен, бұл өнім өндірушілер үшін тиімді егін аяқталғаннан кейінгі тікелей астық өңдеу және сақтау орындарында материалдық-техникалық базаны нығайту мәселелерін ұйымдастыра білуге байланысты. Мұндай үрдіс әлемнің аса ірі астық өндірушілерінен де байқалады [6].

Қазақстан Республикасында жалпы қуаты 20,9 млн т құрайтын ірі элеваторлар, астық қабылдау пунктер мен қоймалар бар. Оның ішінде 8,9 млн т немесе 43,0% эле-ваторлар, 11,3 млн т механикаландырылған қоймалар, 0,7 млн т – механикаландырыл-маған, бейімделген қоймалар мен шатырлар.

2016 ж. ірі астықты өлке Қостанай облысында осындай кәсіпорындар 4535,9 мың т астық өңдеген, өндірістік қуаты 7,1 млн т болатын олардың жүктелуі 63,9% құрады. Шаруашылықтардан өнімді қабылдап алып, оның өңделуі мен сақталуын қамтамасыз ететін облыстағы астық сақтау жүйесі астық нарығында үш ірі бөлікке бөлінеді.

Бірінші бөлігі – егіс даласынан келген астықты алғашқы өңдеуден өткізетін механикаландырылған, астықтың қысқа мерзімді сақталуын қамтамасыз ететін қырмандар.

2017 ж. Қостанай облысында ауылшаруашылық кәсіпорындары мен шаруашылықтарының сыйымдылығы 3,4 млн т болды, ол қазіргі тұқымдық және жем-шөп қорының 34,7% және астық қорының 76,4%-на сәйкес келеді.

Екінші бөлігі – астық сапасын белгілі бір дәрежеге дейін жеткізетін, астық өндірушілерде орналасқан астық қоймалары, элеваторлар мен қабылдау пунктер. Бұл қоймаларға астық, әдетте, механикаландырылған қырмандардан келіп түседі. Астықты алдын ала өңдеу көшпелі техниканың немесе механикаландырылған кешендермен жүзеге асады. Сақтау орындары көбіне бидайға толы металл ангарлар мен қоймалардан тұрады, кей жағдайларда оларда желдеткіш қондырғы орнатылады.

Үшінші бөлігі – линиялық және ақтық (терминалды) элеваторлар және астықты жоғары класты деңгейге дейін жеткізіп, тұтынушыға ұсына алатын арнайы техно-логиясы бар қатынас жолдары. Мұнда республикалық және аймақтық ауыспалы тұқым қоры жасақталады. Оны сыйымдылығы 4,0 млн т болатын линиялық элеваторлар мен астық қабылдау пункттері құрайды. Мысалға, 100 мың т асатын сыйымдылығы бар ең ірі элеваторлар әртүрлі кіріктірілген құрылымдарға жатады. Осылайша, «Торғай элеваторы», «Ұзынкөл элеваторы 2030» Ас-тық инвестициялық компаниясына, «Қара-ғайлы элеваторы», «Аманқарағай элева-торы», «Денисов элеваторы», «Иволга элева-тор», «Сарыкөл элеваторы» және «Пешков КХП» «Иволга» холдингінің құрамына «То-ғұзақ элеваторы», «Тобыл элеваторы» және «Жаркөл элеваторы» «Зерновая индустрия» холдингінің құрамына кіреді.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, соңғы үш жылда астық тауарын өндірушілер өздерінің өнімдерінің жартысына жуығын қоймаларда, өнімнің 32,6-39,7%-ын астық қабылдау кәсіпорындарының қоймаларында сақтайды, ал 14,6-дан 21,6%-ға дейін өнімді кептірместен, ешқандай қосымша жұмыссыз егіс алқабынан өткізеді екен.

Астықты терең өңдеуден өткізумен республикада 54 кәсіпорын айналысады және олар астық өнімдерін өндірумен қатар крахмал мен крахмал өнімдерін алумен ерекше-

ленеді. 2016 ж. олардың шығарған өнімдерінің бағасы 122,5 млрд. теңгені құрады.

Оның ішінде 3,75 млн т майда үгінді астық, 722,0 мың т ыстық нан, 146,2 мың т жарма мен тартылған ұн, 21,7 мың т ұзақ сақталмайтын нан өнімдері мен кондитерлік тағамдар. Әйтсе де өндірістік қуаты толық пайдаланылмаған (жекелеген өнім түрлері бойынша 40-57%). Астық өнімдері мен олардың ара-қатынастары төмендегі 1-ші кестеден көрініс табады.

Кесте 1 – Диірмендер мен элеваторлардың 2015-2016 жж. қызмет көрсету тарифі (теңге/т)

Көрсеткіш		Қостанай		Петропавлоск		Көкшетау	
		2015	2016	2015	2016	2015	2016
Диірмен	1 сорт ұнның көтерме бағасы	63000	87200	61700	85900	63000	88700
	ұнтау тарифі	11206,8	12327,5	10486,8	11535,5	11926,8	13119,5
	барлығы	74206,8	99527,5	72186,8	97435,5	74926,8	101819,5
Элеватор	сақтау тарифі (айғы)	504	554,4	536,4	590	648	712,8
	қосымша жұмыстары	72	79,2	82,8	91	216	237,6
	автокөлік қабылдау	648	712,8	450	495	576	633,6
	автокөлікке тиеу	936	1029,6	1087,2	1196	1440	1584
	теміржол көлігіне тиеу	2052	2257,2	1660	1826	1548	1703
	барлығы	4212	4633,2	3816,4	4198	4428	4871
Зерттеу мәліметтері негізінде автормен құрыған							

Астық нарығындағы технологиялық тізбектің қатысушылары арасында түскен пайданы бөлісудің төмендегідей қатынасын көптеген нормативтік материалдарды және ауылшаруашылық, өңдеу және сауда ұйымдарының қызметтерін сараптама жасай келіп, ұсынып отырмыз (2-кесте).

Кесте 2 – Ақтық өнімді бөлісудегі байланысты ұйымдардың қатыстық мөлшері

Кәсіпорындар	Табыстағы қатысушының мөлшері (%)	
	Нақты	Ұсынылған
Ауыл шаруашылығы	10-15	40-45
Сақтау және өңдеу	15-20	10-15
Ұн тарту	30-35	20-25
Нан пісіру	35-40	20-25
Зерттеу мәліметтері негізінде автормен құрыған		

Қазіргі таңда Қазақстанның солтүстік облыстарында қолда бар астық сақтау қоймаларының 10,4% астық өндіретін жерлерде орналасқан, ал бұл дегенің басқа өңірлерде (ауылшаруашылық сферада емес) орналасқан қоймалар сыйымдылығынан 8,6 есе кіші (3-кесте).

Қырманнан АҚП-теріне орталықтандырылған астық тасымалы тоқтатылғаннан кейін, ауыл шаруашылығы өнімін өндіру-шілердің алдында тек қана тауарлық астық емес, сонымен қатар тұқымдық және жем-шөптік астықтың өткір мәселелерін шешу көл-денең тұрды. Бұл мәселені шешу үшін ауыл-дық жерлердегі астық сақтау қоймаларын жалпы өнімге сәйкестендіру ұсынылады.

Астық өндірісінің болашағын және қазіргісін зерттей келе, біз ауыл шаруашылығы және астық қабылдау кәсіпорындарында астық сақтауды дамыту және қоймаларда орналастыру, олардың тиімді салааралық пропорциясының негізін ұсынып отырмыз.

2018 ж. қарай астық сақтау қоймаларының санын тікелей өндіріс орнына жақын жерден 1470 мың тоннадан 11,0 млн т дейін өсіруді ұсынамыз. Сонда ауылдық жердегі астық қоймаларының үлесі 2016 ж. 10,4%-дан 2018 ж. 47,9%-ға дейін өседі. Мұнда бұрынғы астық өнімдері қоймасы жүйесі 12599 мың тоннадан 11000 мың т дейін азайды. Бұның себебі, болашақта қазіргі жұмыс істеп жатырған элеваторлардың 15-20% істен шығуы немесе техникалық жағдаймен жойылуы мүмкін.

Осыдан келіп, 2018 ж. ірі астық қоймаларының үлесі 52,1% болады, не болмаса 37,5 пунктке қысқарады.

Мұндай шаруашылықтардың дамуы стихиялық түрде өтпейді, керісінше, жоспарлы түрде, аудан, облыс, аймақ көлеміндегі шикізат базасы мен қолда бар қуат пен сыйымдылықты есептеу негізінде жасақталған мақсатты және кешенді бағдарлама арқылы жүзеге асады.

Кесте 3 – Қазақстанның солтүстік облыстарында астық қоймаларының қазіргі ұсынылған құрылымы

Көрсеткіш	Нақты			Ұсынылған		
	барлығы	оның ішінде		барлығы	оның ішінде	
		элеватор АҚП	шаруашылықтағы қоймалар		элеватор АҚП	шаруашылықтағы қоймалар
Ақмола облысы%						
астық қоймасының сыйымдылығы мың т, жалпы мөлшерге	4474	4004	470	6700	3500	3200
	100	89,5	10,5	100	52,2	47,8
Қостанай облысы `(% есебімен)						
астық қоймасының сыйымдылығы мың т, жалпы мөлшерге	4485	3995	490	6800	3500	3300
	100	89,1	10,9	100	51,5	48,5
Солтүстік Қазақстан облысы `(% есебімен)						
астық қоймасының сыйымдылығы мың т, жалпы мөлшерге	5110	4600	510	7600	4000	3600
	100	90,0	10	100	52,6	47,4
Солтүстік Қазақстан облыстары бойынша(% есебімен)						
астық қоймасының сыйымдылығы мың т, жалпы мөлшерге	14069	12599	1470	21100	11000	10100
	100	89,6	10,4	100	52,1	47,9
Зерттеу мәліметтері негізінде автормен құрыған						

Ауылдық жерлердегі астық қоймаларының санын көбейту үшін шапшаң құрылатын металдан жасалған модульдің типтік сыйымдылығы 2 мың тоннадан 30 мың т дейін қоймалар жасауды жолға қою керек, қоймалар цинктелген болатын әрбіреуінің сыйымдылығы 1,0;1,5;2,5 және 5,0 мың т болады.

Сыйымдылығы 1,0 мың және 1,5 мың т болатын қоймалар 2 мыңнан 6 мың т дейін астық сақтауға арналған, яғни 1,3 га 4,0 га дейінгі алаңның өнімін жинауға мүмкіндік береді, ал 5 мың т жүйесі ұзақ мерзімге 10 мыңнан 30 мың т дейін астық сақтайды (6,6 мыңнан 20 мың га дейін)

Модульдік типтік астық қоймаларын жасап шығаруды жүзеге асыруды отандық кәсіпорындарға жүктеген дұрыс. Бұндай астық қоймаларын жасап шығарғандарға са-лықтан жеңілдіктер беріп, ал оларды сатып алушы тауар өндірушілерге үкіметтен суб-сидиялар берілгені жөн [7].

Аталған шараларды жүзеге асыру астық жинаудың науқандық деп танылуын азайтып, өнім өндірушілердің элеваторлар мен астық қабылдау кәсіпорындарына тәуелділігін жояды және астықтың ысырап болуына жол бермейді, сол сияқты астық бағасын аспандатып жіберетін делдалдардың ісіне де шектеу қояды. Мұндай жағдайда тауар өндірушілер-ден өкімет сатып алған астықты сақтағаны үшін де өтемақы шартын белгілеуге болады.

Солтүстік Қазақстанда егін жинау науқа-ны, әдеттегісінше, қолайсыз ауа райымен ұш-тасады. Ал, бұл бірінші орынға астық қабыл-дау кәсіпорындарында, тікелей өндірушілерде қуатты кептіру жабдығы болуын алға шығарады.Осыған байланысты елімізде «Целинная» типтес құрғату қондырғыларын және қазіргі қолданыста бар агрегаттардың қажетті бөлшектерін шығаруды жолға қоюды қажет етеді.

Сонымен бірге, шектеулі қаржылық және материалдық жағдайлары тауар өндірушілерге ірі элеваторлар мен астық қабылдау кәсіпорындарының сыйымдылықтарын бірігіп пайдаланғандары өте маңызды. Бүгінгі таңда аймақта 84 элеватор АҚК бар. Олардың жалпы сыйымдылығы 14,1 млн т, егіннің түсімін және жоғарыда айтылған басқа себептерге байланысты олардың қуатының 30%-дан 70%-ға дейінгісі пайдаланылады.

Біздің ойымызша, меншіктің қандай формасында болса да, өте қымбат тұратын элеваторлар тиімді пайдаланылып, елдің азықтүлік жүйесіне қызмет етуі қажет. Дәстүрлі егістен тұқым дайындау, айырбастау сияқты шаралардан басқа элеваторлар мен АҚК астықтың тауарлық партияларын өндірушіге дайындау, олардың тапсырысы бойынша нарықта коммерциялық мәмілерге келіп, кепілдік әрекеттер жасауы тиіс.

Элеваторлар мен АҚК-ның сыйымдылық қуаты коэффициентінің күшеюі оларда мемлекеттік сақтандыру, резерв және басқа да астық қорының жинақталып, ұдайы еселе-мелі қозғалыста болуына байланысты [8].

Логистикалық тізбектің қатысушыларының өзара ара-қатынастарының негізгі формасы – ұзақ мерзімді типтік келісім-шарт, ал негізгі индикаторы көтерме саудадағы қалыптасқан астықтың нарықтық бағасы. Басқарудың біре-гей жүйесі, ұйымдастыру, өндірістік құры-лымның жасақталуы мен бірігуі жүзеге асады. Салааралық өндірістік-экономикалық мәселелер ішкі шаруашылық санатына көшеді. Бұл жергілікті монополизм мен делдалдардан құтқарады, технологиялық байланыстарды қал-

пына келтіріп, экономикалық қатынастарды тұрақтандыруға қол жеткізеді. Сатылас біріктіру жүйесінде корпоративтік қатынастар АӨК-інде-гі бағалардың тепе-теңдігінің бұзылуын азай-тады, ауыл шаруашылығы шикізатын сақ-тау, өңдеу кәсіпорындарында – айырбастау қаты-насын. Өйткені мұндай жағдайда инте-гратор сақтау қажеттілігін қуаттайтын болған-дықтан, ол өз кәсіпорынын одан әрі дамуына мүдделі.

Астық секторының берілген бірігу шеңберінде дамуы республиканың бүкіл астық тағамдары кешені қызметінде мультипликативті нәтиже беруі мүмкін. Элеваторда шикізат қорының жеткілікті болуы өңдеу кәсіпорындарында белгілі бір сапасы бар астықпен технологиялық жұмыстар жүргізуге мүмкіндік береді. Сөйтіп, дақылды пайдалану тиімділігі артады, оны ұнға, жемге немесе жармаға айналдырудағы шығын азаяды, барлық кезеңде дақыл сапасына сараптама жүргізу нәтижелі болады, нарық жағдаятын зерттеу жеңілдейді, астық тағамдарын өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы экономикалық қатынастар орнайды [9].

Осылайша, мемлекет осы бағыттағы бі-рігу үрдісінің дамуына белсенді үлес қосуы керек. Ол үлес нормативтік-құқықтық және ғы-лыми-әдістемелік түрде қамтамасыз ету, экономикалық қолдау шаралары мен ынталандыру. Холдингтер құру туралы заңнамалық базаның жоқ болуына байланысты, холдинг құрылымдарын міндетті түрде мемлекеттік құрылымдардың қатысуымен жасақтаған тиімді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Павленчик Н.Ф. Логистика в сегменте «производства» на рынке сельскохозяйственной продукции // Проблемы современной науки.- 2014.-№15.- С. 135-144.

2 Экономическая энциклопедия. Т.3 / Сост. С. В. Мочерный (отв. ред.) [и др.]. – К.: Академия, 2000 - 2001.- С.57.

3 Афонин А.М. Промышленная логистика: учеб. пособие для СПО. - М.: ФОРУМ, 2012. - 303 с.

4 Хмельницкая З.Б. Формирование логистических систем агропромышленного комплекса с использованием информационно-консультационных служб // Известия УрГЭУ. - 2015.- №5- С.61.

5 Шумакова И. Зернопродуктовый комплекс АПК России // Материалы межд. студенческой научн.-практич. конференции: УГАВМ, 2010, 19-22 апреля.- С. 147.

6 Механизм внедрения и развития кластерных инициатив в пищевой промышленности. – Петропавловск: Казагромаркетинг, 2006. - 24 с.

7 Субсидирование сельскохозяйственного производства Казахстана: Методические рекомендации/Министерство сельского хозяйства Республики Казахстан, КазНИИ экономики АПКиРСТ. - Алматы, 2014. -33 с.

8 Рекомендации по организационно-экономическому механизму функционирования интегрированных формирований в АПК /А.М.Югай, В.П. Арашуков, В.И.Арефьев: ВНИИЭСХ. – М., 2003.- 43с.

9 Молдашев А.Б., Сундетов Ж.С., Хан Ю.А. Региональные особенности развития зер-нового рынка Казахстана. – Алматы: КазНИИ Э АПК и РСТ, 2004. - 131 с.

Pajdalanylған әдебиеттер тізімі

1 Pavlenchik N.F. Logistika v segmente «proizvodstva» na rynke sel'skohozjajstvennoj produkcii// Problemy sovremennoj nauki.- 2014.- №15.- S. 135-144.

2 Jekonomicheskaja jenciklopedija. T.3 / Sost. S. V. Mochernyj (otv. red.) [i dr.]. – K.: Akademija, 2000 - 2001.- S.57.

3 Afonin A. M. Promyshlennaja logistika: ucheb. posobie dlja SPO. - M.: FORUM, 2012. - 303 s.

4 Hmel'nickaja Z.B. Formirovanie logisticheskih sistem agropromyshlennogo kompleksa s ispol'zovaniem informacionno-konsul'tacionnyh sluzhb // Izvestija UrGJeU. - 2015.- №5- S.61.

5 Shumakova I. Zernoproduktovyj kompleks APK Rossii // Materialy mezhd. studencheskoj nauchn.- praktich. konferencii: UGAVM, 2010, 19-22 aprelja.- S. 147.

6 Mehanizm vnedrenija i razvitija klasternyh iniciativ v pishhevoj promyshlennosti. – Petropavlovsk: Kazagromarketing, 2006. - 24 s.

7 Subsidirovanie sel'skohozjajstvennogo proizvodstva Kazahstana: Metodicheskie rekomendacii / Ministerstvo sel'skogo hozjajstva Respubliki Kazahstan, Kazahskij NII jekonomiki APK i RST. - Almaty, 2014. -33 s.

8 Rekomendacii po organizacionno-jeko--nomicheskomu mehanizmu funkcionirovanija integrirovannyh formirovanij v APK /A.M.Jugaj, V.P .Arashukov, V.I.Aref'ev: VNIIJeSH. – M., 2003.- 43s.

9 Moldashev A.B., Sundetov Zh.S., Han Ju.A. Regional'nye osobennosti razvitija zernovogo rynka Kazahstana.. – Almaty: KazNII Je APK i RST, 2004. - 131 s.